

**Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы»
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен Астана қаласының Жекеменшік
мектебі «Neotech Digital School» арасындағы ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Астана қ.

«25» ақпан 2025ж.

Осы Меморандум бала құқықтарын қорғау және қауіпсіздігін қолдау аясында ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасау туралы «25» ақпан 2025 ж. арасында қол қойылды:

Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы» КММ (бұдан әрі – ПҚО) атынан Жарғы негізінде әрекет ететін басшы Капанова Гульмира Кадырбаевна бірінші тараптан және әрі қарай басшы Токкожина Дана Казакбаевнаның атынан **Астана қаласының Жекеменшік мектебі «Neotech Digital School»** (бұдан әрі – Мектеп) Жарғы негізінде әрекет ететін, екінші тараптан, бірге аталғанда «Тараптар» төмендегілер туралы осы Меморандумды жасауға келісті:

1. Меморандумның Мәні

1.1. Осы Меморандумның мәні әріптестік қатынастарды орнату және балалардың құқықтары мен олардың қауіпсіздігін қорғауды және қолдауды дамытуға бағытталған Тараптардың ұзақ мерзімді, тиімді және өзара тиімді ынтымақтастығын дамыту болып табылады.

1.2. Тараптар жалпы қабылданған тәжірибені негізге ала отырып, теңдік, ізгі ниет, құрмет, сенім негізінде ынтымақтастықты іске асыруға ниетті.

1.3. Тараптар осы Меморандумды іске асыру процесінде өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жүзеге асырады.

2. Тараптар ынтымақтастығының негізгі бағыттары

2.1. Осы Меморандумды іске асыру шеңберінде тараптар ынтымақтастығының негізгі бағыттары:

2.1.1. ПҚО әдістемелік қызметі:

- педагог - психологтарға, мектептің әлеуметтік педагогына әдістемелік консультациялық көмек көрсету;

- педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтарды кәсіби құзыреттілікті арттыруға бағытталған іс-шараларға қатысуға тарту: ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, вебинарлар, тренингтер, конкурстар;

- педагогтарды әдістемелік қолдау: «тәуекел тобындағы» балалармен жұмыстағы материалдар мен алгоритмдер;

- «Жас психолог мектебі» шеңберінде Орталықтың жоспарына сәйкес жас педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтарды оқыту.

2.1.2. Мектеп тарапынан қызметі:

- мектеп ресурстық қамтамасыз етуді ұсына отырып, мектеп базасында ПҚО өткізетін қалалық, республикалық (конференциялар, оқыту семинарлары, шеберлік сыныптары және т.б.) іс - шараларды ұйымдастыруға жағдай жасайды;
- тұрмыстық қиын жағдайдағы отбасы мен балаларды қолдау үшін (ата-аналар мен құрылтайшылар арасынан) демеушілерді тартады, ПҚО анықтаған балаларға азық-түлік немесе балалар киімін тұтынушылық қор түрінде көмек көрсету;
- ПҚО сұрау салуы бойынша «тәуекел тобындағы» немесе аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім балалармен жұмыс істеу кезінде есепті ақпаратты құпия түрде ұсынады;
- іске асырылатын ПҚО жобаларына қатысады.

3. Өзара ниеттер

3.1. Осы Меморандумды іске асыру мақсатында Тараптар:

3.1.1. Бірлесіп дайындалған бағдарламаларды, жобалар мен іс-шараларды іске асыру.

3.1.2. Ақпарат алмасуды, оның ішінде түрлі әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы жүзеге асыру.

3.1.3. Тараптар олардың арасында ынтымақтастықтың нысандары келесідей болатынын анықтады: Келісімдер, хаттамалар, резолюциялар және басқа да құжаттар.

4. Басқа шарттар

4.1. Осы Меморандум оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және ол Тараптардың өзара келісімі бойынша немесе Тараптардың бірінің қалауы бойынша бұзылған сәтке дейін белгіленбеген мерзім ішінде, екінші Тарапты кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын алдын ала хабардар ете отырып қолданылады.



4.2. Осы Меморандумды жасасу Тараптарды қандай да бір заңды міндеттемелермен байланыстырмайды, қаржылық міндеттемелердің туындауына әкеп соқпайды, соңғыларының туындауы үшін Тараптардың жекелеген келісімдер жасасуы талап етіледі.

4.3. Осы Меморандумды бұзу Тараптар арасында тиісті басқа да шарттардың, келісімдердің және өзге де міндеттемелердің тоқтатылуына әкеп соқпайды.

4.4. Қажеттілік туындаған жағдайда, осы Меморандум Тараптардың өзара келісімі бойынша жазбаша құжат жасау арқылы өзгертіліп, толықтырылуы мүмкін, бұл құжат осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

4.5. Меморандумның мәтіні орыс тілінде екі данамен жасалған, әр Тарапқа бір данадан беріледі.

5. Тараптардың деректемелері

Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы» КММ Астана қ, Достық к, 13 БИН 240540031076 Телефон: +7 (771) 592 89 19 Электрондық пошта: cpr_pko_astana@mail.ru Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы» КММ директоры  (қолы) Капанова Г.К. М.П. 	Астана қаласының жекеменшік мектебі «Neotech Digital School» Астана қ, Есіл ауданы, Ілияс Омаров көш, 10 үй. ТОО «EURO AST KZ2019» БИН 190240002842 Телефон 8 (7172) 61-31-52, 87172613152 Электрондық пошта info@neotechschool.kz Астана қаласы жекеменшік мектебінің «Neotech Digital School» директоры  (қолы) Токкожина Д.К. М.П. 
--	---